

Дәріс № 2

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ӘЛЕУМЕТТІК-
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ
– ТӘУЕЛСІЗДІК ҮШІН
КҮРЕСТІҢ
АЛҒЫШАРТТАРЫ.

Дәрістің жоспары:

- 1. XX ғасыр басындағы Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық жағдай.**
- 2. Ұлттық мемлекет құру жолындағы қазақ халқының қозғалыстарының бастаулары.**
- 3. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстан.**
- 4. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс және оның сипаты мен барысы**
- 5. 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері, олардың Қазақстанның саяси ахуалына әсері.**

1. Аграрлық сала және ауыл шаруашылығы

- Ресейде капитализмнің дамуы ауыл шаруашылығын реформалауды қажет етті.
- Әр қазақ отбасына 15 десятинадан беріліп, артығы – “Қоныс аудару қорына” берілді.
- Шын мәнінде көшпелі шаруашылыққа әр отбасыға 110-145 дес.жер керек болды.
- Яғни, отырықшы мен көшпелі шаруашылыққа бірдей қарады.

П.А. Столыпин реформасы



ШАРУАЛА
Р ҚАУЫМ
Ы
(ОБЩИНА)

кулактар

ХУТОР салуға –
45 дес+15 дес
егістік

кулактар

ХУТОР салуға
– 45 дес+15 дес
егістік

кулактар

ХУТОР салуға –
45 дес+15 дес
егістік

Сібір және
Қазақстан
жерлері

Отарлау туралы мәліметтер

	1895-1905	1906-1912	1917 ж. қарай
Қоныстанушылар саны	294296 адам	770 000 адам	
Орыстар саны: - Дала өлкесінде Түркістанда	20 % 3,7 %		42 % 7,9 %
Алынған жерлер	4 млн.дес.	17 млн.дес	45 млн. дес
Казачество	500 000-дай адам		1 млн. 11 мың жан

Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының әлеуметтік құрылымы:

Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласының әлеуметтік құрылымы:	
Помещиктер (дворяндар)	Қазақ байлары
Казактар	Ру мүшелері, малшылар
Орыс шаруалары	Жатақтар
Кулактар ;	Батрақтар
Батрақтар	Байғұстар

Салдарлар :

- Шаруалардың (әсіресе қазақтардың) жерден айырылуы;
- Жұмысшылардың саны көбейіп, әлеуметтік жағдайдың нашарлауы;
- Капиталистік және отарлық езгінің күшеюі;
- Жұмысшы және шаруа құқықтарының бұзылуы;
- Халық наразылығының артуы

Ресеидегі жалпыұлттық

дағдарыс

- Халықтың шектен тыс қайыршылануы;
- “Жоғарыдағылар” дағдарысы (бұрынғыша басқара алмауы);
- “Төмендегілер” белсенділігінің артуы.

Нәтижесінде:

- Саяси үйірмелер мен қозғалыстардың, партиялардың пайда болуы;
- Халық қарсылықтарын ұйымдатыру;
- Ұлттық интеллигенцияның саяси санасының артуы мен азаттық үшін күреске араласуы.
- Ұлттық-революциялық сананың артуы.


Өнеркәсіптегі ахуал

- 1902 ж. 197 өндіріс орны – 18695 жұмысшы;
- 690 шағын кәсіпорын – 7297 жұмысшы;
- 1656 км.теміржол – 30 мың жұмысшы;

ТАНЫМАЛ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ:

- Қарағанды көмір шахталары;
- Шығыс және орталық Қазақстандағы түсті металлургия ошақтары;
- Орал-Ембі мұнай кәсіпорындары және т.б.

1905 ж. Ресейдегі “Қанды жексенбі”.




- Г.Гапон патшаға Петиция беруге халықты алып шықты;

- Халыққа патша әскері оқ атып қырып салды;



Барлық Ресейде, оның ішінде Мәскеуде көтеріліс басталды



Қазақстандағы саяси

наразылықтар:

Өлкеде:

- Халықшылдар үйірмелері;
- “Марксистік” үйірмелер (Атбасар, Ақмола, Петропавл, Орал, Қостанай, Семей, Верный және т.б.) – кейін олар **Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы** үйірмелеріне айналды;
- Кәсіподақ ұйымдары (Орал, Орынбор-Ташкент т.ж.);
- “Капиталға қарсы орыс-қазақ одағы” (Успен кеніші).

Үкіметке қарсы ереуілдер

басталды

- Түркістан, Орал, Орынбор Қостанай Перовск, Жаркент гарнизонында, Семей пошта-телеграф жұмысшылары арасында Шалқар, Верныйда ереуіл комитеттері құрылып, наразылықтар, шерулер, стачкалар, демонстрациялар өткізілді.
- 1905 жылы қазақ халқының наразылығы жазылған “Қарқаралы петициясы” қабылданып, оған 14,5 мың адам қол қойған. Онда:
 - Қоныс аудару саясатын тоқтату;
 - Дербес мүфтиат ашу;
 - Сайлау құқығын беру т.б. талаптар қойылды.

1905 ж. 17 қазан. Патша манифесі

- II Николай патша «азаматтық бостандықтардың мызғымас негіздерін» енгізу Манифесі мен Мемлекеттік думаға сайлау өткізу туралы шешім қабылдады.
- Манифест бойынша Мемлекеттік Дума құрылатын болды және онда «Мемлекеттік Дума мақұлдамайынша ешбір заң күшіне ене алмайды» делінді.
- Оны Ә.Бөкейханов қазақшаға аударып халыққа түсіндіру жұмыстарына басшылық етті.
- Манифестің алдамшы екендігін түсіндірді.

I Мемлекеттік Дума

- I Мемлекеттік Дума - кадеттік-либералдық болды.
- 1906 жылдың 27 сәуірінен 8 шілдеге дейін ғана қызмет етті;
- Қазақ өлкесінен Думаға тоғыз депутат (4-і қазақ халқының, 5-і орыс халқының атынан сайланды;
- Торғай облысынан - Ахмет Бірімжанов - заңгер;
- Семей облысынан сайланған Әлихан Бөкешанов - экономист;
- Алпысбай Қалменов пен Бақыткерей Құлманов – шығыстанушылар;
- Н.Коншин (заңгер);
- В. Недоносков («Уралец» газетінің редакторы),;
- И. Лаптев (салық инспекторы);
- В.Ищерский (дәрігер);
- Н.Дыхнич (шаруа) сияқты азаматтар сайланған.

Дума демократияшыл болғандықтан оны патша тез таратып жіберді.

II Мемлекеттік Дума 1907 ж.20-ақпан – 3-маусым

- Либерал-кадеттерден құралды.
- Ал қазақ өлкесінен 14 депутат, оның ішінде 6-ы қазақ халқының өкілдері болды.
- Ақмола облысынан молда Шәймерден Қосшығұлов;
- Семей облысынан би Темірғали Нұркенов, ;
- Орал обласынан адвокат Бақытжан Қаратаев;
- Торғай облысынан заңгер Ахмет Бірімжанов;
- Жетісу облысынан инженер Мұхаметжан Тынышпаев,;
- Сырдария облысынан Т.Аллабергенов сайланды.

Бұл Дума да таратылып, патша революцияны жеңіп шықты.


Ұлттық қозғалыстың өрістеуі:

- XX ғасыр басында қазақ зиялылары шоғыры қалыптасты;
- Олар ағартушылықпен айналысып, біртіндеп ұлттық қозғалыстардың көшбасшысыларына айналды;
- Азаттық мәселелерін талдап, жариялайтын ұлттық баспасөздің негізін салды.

XX ғасыр басындағы қазақ баспасөзі



- “Қазақ” газеті (1913-1918 жж.);



- “Серке” газеті (1907 жылы
жалғыз номері шыққан);



- “Айқап” журналы (1911-1915
жж.)

1914 жылы Ресей І дүниежүзілік соғысқа кірісті

Жалпы сипаты

- Дүние жүзін бөліске салу мақсатында ірі одақтар “Үштік одақ” (Германия, Италия, Австро-Венгрия) пен “Антанта” (Англия, Франция, Ресей) арасында басталды.
- Сипаты: империалистік-басқыншылық, капитал салатын отар бөлісу;
- Ресейдің даярлығы өте төмен деңгейде болды;
- 4 жылдан астам уақыт жүріп (1914-1918 жж.),
- 38 мемлекет қатынасты

Халыққа әсері:

- Әскери мобилизация – ер адамдарды жаппай майданға алу – жұмыс күшінің жетіспеуі;
- Салықтар және заттай, малдай, азық-түліктей төлемдер мөлшері күрт өсті;
- Баға қымбаттатылды;
- Жұмысшылардың жалақысы төмендеді;
- Әскери тұтқындарды орналастыру жүрді;
- Отарлық езгі күшейе түсті

1916 жылғы Ұлт-азаттық

көтеріліс

- Басты себеп - 1916 жылғы 25 маусым күнгі II Николай патшаның «Бұратана халықтардан» соғыс аудандарында қорғаныс құрылыстарын жүргізу мен тыл жұмыстары үшін 19 бен 43 жастың аралығындағы еректерді мобилизациялау туралы» жарлығы болды.
- Қазақстан мен Орта Азиядан 400 мың адам алу көзделді;
- Алайда бұған өлкедегі саяси ахуалда шоғырланған мәселелер алғышарт болды.

Тыл жұмысына алынудан босатылғандар:

- жергілікті патша әкімшілігінің басшылық органдарының мемлекеттік қызметкерлер;
- діни қызметкерлер;
- жоғары және орта оқу орындарының студенттері;
- ақсүйектер мен «құрметті азаматтар»;

Бұл қазақ қоғамының екіге бөлінуіне әкелді.

Құжаттардың болмауы әкімшілік тарапынан пара алу мен заңсыздықтарға әкелді.

Нәтижесі стихиялық қарсылықтар тудырды.

Уақыт өте келе көтеріліс ұйымдасқан сипатқа ие бола бастады

Көтерілістің негізгі басшылары:



- Амангелді Иманов;

- Кейкі Көкембайұлы



- Әбдіғапар Жамбосынов;

- Тоқаш Бокин



- Әліби Жангелдин;

- Тайшым Орысұлы,



Көтеріліске екі жақты көзқарастар болды

- Радикалды зиялылар Т. Рысқұлов, С. Сейфуллин, С.Меңдешев, Ә.Жангелдин көтерілісшілер жағына шығып, қарулы қарсылықты жақтады

- Қазақ зиялылары қазақ халқының қарулы көтерілісіне қарсы шықты.

Олар:

- қарулы көтерілістің еш нәтиже бермейтінін, күштің тең еместігін, босқа қан төгілетінін және ең алдымен, қарапайым халық зардап шегетінін дәлелдеуге тырысты. ;
- Қазақ жастарын жарлыққа көніп, тыл жұмыстарына баруға шақырды;
- Егер соғыс жеңіспен аяқталса ұлттық автономия құруға үміттенді;
- Кейін қазақ жігіттері майданға алынғанда Ә.Бөкейханов, М.Дулатов бастаған зиялы азаматтар Минск, Киев аймағында тыл жұмысында жүрген жігіттердің ортасына барып, олардың әскери тәртіпке бейімделіп кетуіне көмек көрсетті;

**1916 жылғы
Ұлт-азаттық
көтеріліс**

Тарихи маңызы :Халық- азаттық қозғалыс қазақ халқының революциялық таптық сана –сезімінің өскенін көрсетті.Белсенді саяси қызметке құлшынып, өзін Ресей самодержавиенің отаршылдық экспансиясына қарулы күрес жүргізе алатын күш екенін сезінді

Ұйымдастырушылары:
Ә.Жанбосынов, А.Иманов,
К.Көкімбайұлы, Ж.Мәмбетов,
Ұ.Саурықов, Б.Әшекеев, Ұзақбаев

Сипаты: стихиялы.
Отаршылдыққа,
империализмге қарсы
күрес болды.

Себебі: Жалпыұлттық
дағдарыстың пісіп жетілуі.
Отаршылдыққа қарсы
соғыстың өршуі

Қамтыған төңірегі :Қазақстан
Орта Азия Сібір мен
Кавказдың бір бөлігі Ең негізгі
орталықтары:Жетісу, Торғай

Салдары:а)Өнеркәсіп, ауыл
шаруашылығы құлдырады
ә) Тасымал дағдарысын және
ашаршылық туғызды
б) Ұлтзаттық араздық туындады

Жеңілу себептері:
бытыраңқылығы, аймақ
ауқымында
ұйымшылықтың жеткілікті
болмауы

1916 жылғы көтерілістің жеңілуінің себептері:

1. Көтеріліс бытыраңқы болып, көтерілісшілер тарапынан ынтымақтың болмауы.
2. Көтерілістің ұйымдастырылуы мен басқарылуы дұрыс жүргізілмеді.
3. Әскери қарудың жеткіліксіздігі.
4. Патша үкіметі жергілікті жердегі руаралық, ұлтаралық діни тартыстар мен қайшылықтарды шебер пайдаланды.
5. Алдын- ала белгіленген жоспар болмады.
6. Ұлттық зиялылар арасында бірлік болмады.
7. Байлар, феодалдар көтерілісшілер мүддесін сатып кетіп отырды.

Көтерілістің тарихи маңызы:

1. Қазақ халқының революциялық таптық санасы өсті.
2. Қазақстан халықтары ұлттық мүдделерінің ортақтығын ұғынды.
3. Қозғалыс барысында өкімет құрылымы, қарулы күштер, басқару аппараты құрылды.
4. Отаршылдыққа қарсы азаттық күрестің шырқау шыңы болды.
5. Қазақ халқының отарлау саясатына қарсы күресе алатын күш екенін көрсетті.
6. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс отаршылдыққа қарсы көтерілістердің ішіндегі ең ірісі болды. Көтеріліс революцияға алғышарт қалыптастырды.